

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы**

**«7M04120 – Мемлекеттік басқару» (Executive MPA)
магистратураның білім беру бағдарламасы**

Мақсаты: тиімді мемлекеттік шешімдерді әзірлеуге және жүзеге асыруға қабілетті, басқарушылық құзыреттері бар, мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет саласындағы магистрлерді даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- өзгерістерге жедел ден қою және тиімді шешімдер қабылдау үшін басқарушылық құзыреттерді қалыптастыру;
- мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру бойынша құзыреттерді дамыту.

Бағдарламаның артықшылықтары:

- білім беру процесінде инновациялық, аналитикалық және басқарушылық қабілеттерін дамыту;
- академиялық ұтқырлық шеңберінде оқу және шетелдік әріптес жоғары оқу орындары мен халықаралық ұйымдарда тағылымдамадан өту мүмкіндігі;
- Maxwell School of Citizenship and Public Affairs at Syracuse University әріптес жоғары оқу орны базасында 2 дипломдық білім алу мүмкіндігі;
- жекелеген пәндерді оқыту үшін шетелдік және қазақстандық жетекші сарапшыларды, мемлекеттік басқару практиктерін тарту;
- әлеуметтік нетворкингті дамыту, әртүрлі министрліктер мен ведомстволардың басшыларымен өзара іс-қимыл, өзара оқыту (peer learning);
- мемлекеттік, орыс тілдерінде оқыту;

Оқудан күтілетін нәтижелер:

- **Стратегиялық ойлау және пайымдау:** жаһандық ойлау, стратегияны әзірлеу қабілеті;
- **Көшбасшылық және қызметті басқару:** көшбасшы бола білу, жұмысты тиімді жоспарлау және ұйымдастыру, стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарды түсіндіру, өкілеттікті дұрыс айқындау, сондай-ақ жауапкершілікті бөлу. Сонымен қатар қойылған міндеттерді сапалы және уақытылы орындау үшін ұжымға жағдай жасау және бағдарлау;
- **Тиімді шешімдер қабылдау:** нақты міндеттер қоя білу және стратегиялық мақсаттарға сай тапсырмалар беру, сондай-ақ жүйелі және тиімді шешімдер қабылдай алу;
- **Ынтымақтастық және қызметтерді тұтынушыға бағдарлану:** мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара тиімді іс-қимыл құруға қызметкерлерді бағдарлау қабілеті, қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін әрбір қызметкердің әлеуетін пайдалана білу. Сонымен қатар қызметтер көрсетудің тиімді құралдарын білу және пайдалану;
- **Жеделділік:** өзгерістерге уақытылы ден қою, осы өзгерістерді талдау және жұмыста жаңа тәсілдерді пайдалану бойынша тиісті ұсыныстар енгізу үшін тиімді шаралар әзірлеу бойынша құзыреттерге ие болу;

- **Парасаттылық:** әдептілік нормаларын сақтау, ұжымда әдептілік нормалары мен стандарттарына бейімділік сезімін дамыту, әдептілік нормалары мен құндылықтарын практикаға ықпалдастыру;
- **Жауапкершілік және бастамашылдық:** құрылымдық бөлімшенің қызметін ұйымдастыру үшін жеке жауапкершілікті қабылдау қабілеті. Сонымен бірге қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдерді енгізу бойынша ұсыныстарды қарастыру және әзірлей білу.

Модуль	Пәннің атауы	ECTS
1	Әлеуметтік мемлекеттің қолданбалы экономикасы	4
	Мемлекеттік басқарудың құқықтық аспектілері	3
	Стратегиялық менеджмент және көшбасшылық	4
	Өндірістік практика	2
	МЭЗЖ	2
	БАРЛЫҒЫ 1 МОДУЛЬДЕ	15
2	Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау	3
	Мемлекеттік сектор экономикасы	3
	Өңірдің тұрақты дамуын басқару	4
	Тағылымдама	2
	МЭЗЖ	3
	БАРЛЫҒЫ 2 МОДУЛЬДЕ	15
	Мемлекеттік басқарудағы қаржылық менеджмент	3
	Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)	6
	Қорытынды аттестация (магистрлік жобаны рәсімдеу)	6
	БАРЛЫҒЫ 3 МОДУЛЬДЕ	15
4	Кәсіби коммуникациялар және жанжалдарды басқару	3
	Деректерді талдау негізінде шешім қабылдау	3
	Басқарушылардың тілдік құзыреттілігі (мемлекеттік тілде)	3
	Қорытынды аттестация (магистрлік жобаны қорғау)	6
	БАРЛЫҒЫ 4 МОДУЛЬДЕ	15
Теориялық оқудың барлығы		35
МҒЗЖ:		13
• МҒЗЖ, магистрлік жобаны орындаумен қоса		11
• Тағылымдама		2
Қорытынды аттестациялау (магистрлік жобаны жазу және қорғау)		12
Қосымша білім берудің барлығы		25
МІНДЕТТІ ИГЕРУГЕ ҚАЖЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ		60